

Ырғыз аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 мамырдағы № 188 "Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" 2014 жылғы 26 мамырдағы № 142 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2016 жылғы 16 наурыздағы № 249 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213-1 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысының 17 тармағына сәйкес Ырғыз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ырғыз аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 мамырдағы № 188 "Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" 2014 жылғы 26 мамырдағы № 142 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4359 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылдаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы:

М. ТҰРЫМОВ

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

К. ҚОСАЯҚОВ